



Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 328 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақысы мәулетпен төленетін тұрғын үйді сатуы туралы ережелерге өзгерісті бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 14 маусым N 232 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1598. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2011 жылғы 30 мамырдағы N 57 Қаулысымен

Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2011.05.30 N 57 Қаулысымен.

Ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді ішкі аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 328 V991022_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақысы мәулетпен төленетін тұрғын үйді сатуы туралы ережелерге өзгеріс бекітілсін және Ережелерге өзгеріс пен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Шаруашылық басқармасы (Злыденко В.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 328 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақысы мәулетпен төленетін тұрғын үйді сатуы туралы ережелерге өзгерісті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақысы мәулетпен төленетін тұрғын үйді сатуы туралы ережелерге өзгерісті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және филиалдарына

жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ. Абдуллинаға жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 14 маусымдағы
N 232 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының

1999 жылғы 7 қазандағы N 328 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақысы
мәулетпен төленетін тұрғын үйді сатуы туралы
ережелерге өзгеріс

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 328 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақысы мәулетпен төленетін тұрғын үйді сатуы туралы ережелерге мынадай өзгеріс енгізілсін:

7-тармақтың 3-тармақшасындағы "ішкі аудит бөлімшесі маманының" деген сөздер алынып тасталсын.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК